

11 тақырып. Шетелде білім алу академиялық ұтқырлық.

Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, салыстыру Шетелде білім алу жайлы пікір алмасу. Маған... етістік+у қажет (керек) тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы.

Шетелде білім алу: академиялық ұтқырлық

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Академиялық ұтқырлық бағдарламасын енгізіп, жоғары оқу орнында оқитын білімгерлер мен оқытушыларға Қазақстанның әр түрлі қалалары мен алыс - жақын шет елдерге барып білім алып, тәжірибе алмасуына үлкен мүмкіндік беріп отыр. Бағдарламаның мақсаты озық технологиялармен жабдықталған, заманауи білім жүйесіне көшкен мемлекеттермен тығыз қарым - қатынас орнатып, шет елдерден алып келген тәжірибемен бөлісіп, еліміздегі мектептер мен жоғары оқу орындарындағы білімді заман талабына сай жүйеге көшіруді көздеп отыр. Ол үшін шет тілі білімі мен ниет болса жеткілікті. Әрине, тілді жақсырақ меңгерген адамның шетелде қалаған ісімен айналыса алуына мүмкіндігі жоғары екені сөзсіз. Бағдарлама тек Қазақстандық студенттерге ғана емес, сонымен қатар басқа да ТМД елдерінің студенттеріне шетелде білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бүкіл Еуропа елін саяхаттауға болады.

Ұтқырлықтың бірнеше түрі бар:

Академиялық ұтқырлық - белгілі бір академиялық кезеңге студенттерді немесе ғылыми-зерттеу оқытушыларын басқа оқу немесе ғылыми мекемеге (өз елінде немесе шетелде) оқуға, оқытуға, зерттеуге ауыстыру. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру Болон декларациясының негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру ережелері мен рәсімдері күндізгі бөлім студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар университеттің күндізгі оқытушылары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық - студенттердің, магистранттардың, PhD докторанттардың, оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде білім беру бағдарламаларын меңгеруі және жүзеге асыруы. Білім алушылар мен оқытушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы Қазақстан Республикасынан тыс оқу немесе қызметтік тапсырманы орындау үшін академиялық бір кезеңге шығу түрінде жүзеге асырылады.

Ішкі академиялық ұтқырлық - жетекші қазақстандық университеттер мен ғылыми орталықтарда студенттердің, магистранттардың, PhD докторанттардың, оқытушылардың білім беру бағдарламаларын игеруі және жүзеге асыруы. Білім алушылар мен оқытушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы жоғары оқу орны-әріптеспен академиялық ұтқырлық шеңберінде келісім-шарт болған жағдайда Қазақстан Республикасы шегінде іссапар түрінде жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда университетіміздің студенттері алыс - жақын шет елдерге барып білім алып, тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері бар.

Тапсырма:

1. Мәтінді оқып, сұрақ-жауап құрастырыңыз (7 сұрақтан кем емес).
2. Мәтінді оқып, аударыңыз.
3. Академиялық ұтқырлық бойынша өз ойыңызды жазыңыз.

4. Мәтіннен тұйық етістік арқылы жасалған сөйлемді теріп жазыңыз.
5. Мәтіннен антонимді тауып, сөйлем құрастырыңыз.
6. Мәтіннен сан есімді теріп жазып, жасалуын түсіндіріңіз.